

«Жас маман» мектебінің хаттамасы

Р.Қошқарбаев ат.№1 Қосшы орта мектебі
23.10.2025 ж

№2

Қатысқаны: 17
Қатыспағаны: 0

Күн тәртібінде:

1. Дөңгелек үстел: «Мен – жас маманмын!» Әлім А
2. «ҚМЖ-ны жасау» шебер сынып: Тилеужанова А.Р
3. «Жас маманның негізгі қиындықтары» - жас мамандарды психологиялық қолдау Педагог – психологтар Дюмбаева Ж.М. Алматова С.М

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша биылғы оқу жылының жас маманы сөз алды, Әлім А., ағылшын тілі пәні мұғалімі: Мақсаты: Жас мамандардың мектеп аясында кездескен қиындықтарды анықтау, топ болып кеңесу арқылы проблемалардың тиімді шешімін таба білуге үйрету, мектептегі жаңа бастамаларға қатысты шешім қабылдауға толыққанды тартуды қамтамасыз етуге ықпал ету.

Дөңгелек үстелге мектеп әкімшілігі, педагог - психологтар және тәлімгер ұстаздар қатысты.

Барлығы – 17 мұғалім

Дөңгелек үстел 3 бөлімнен тұрды:

1. Өзім туралы
2. Бүгінгі қиындығым
3. Шешу жолы
4. Қорытынды

Дөңгелек үстел барысында жас маман Әлім Арай өзі туралы мәлімен беріп, алдында кездескен қиындықтармен таныстырып өтті: сабақ жоспары, мақсат қою, сабақтан тыс уақытта құжаттарды жүргізу, мен қосымша іс-шаралар, әдістемелік тұрғыда түрлі сыныптарға бейімделу, оқушылармен қарым - қатынас құру. Шешу жолдары: сабақтың барлық кезеңдерін орындап үлгеру үшін SMART жоспарлау әдісі, күнделікті жоспарлау, тәжірибелі әріптестермен бірлесіп, жаңа әдістер үйрену арқылы, жеке сөйлесу мен сенім атмосферасын құру, ұжымдағы әріптестерден кеңес сұрап, өзара қолдау арқылы ортаға бейімделу.

2. Жоспар әзірлеу бойынша практикум: «ҚМЖ-ны жасау» шебер сынып: Тилеужанова А.Р, мақсаты: жас мұғалімдерге қысқа мерзімді жоспарды құруда тиімді жолдарын үйрету. Аселим Рамазановна «ҚМЖ-ны жасау» атты шебер – сынып ұйымдастырып, қысқа мерзімді жоспарды жасаудың тиімді әдістерін көрсетті.

3. «Жас маманның негізгі қиындықтары» - жас мамандарды психологиялық қолдау Педагог – психологтар Дюмбаева Ж.М., Алматова С.М.

Мақсаты: Жас мамандарға кәсіби орнығуға, бейімделуге, педагогикалық шеберлігінің қалыпты дамуына, әдеп нормалары бағытында кеңес, көмек беру.

Міндеті: 1.Бір-біріне деген адамгершілік, сенімділік қарым-қатынастарын қалыптастыру. 2.Психологиялық қолдау көрсету.3.Шығармашылыққа бағыт беру.

- Тренинг «Миксер»
- Постермен жұмыс
- Ұстаздың кәсіби іс-әрекетіндегі педагогикалық әдеп (слайд)
- Жас мамандарға психологиялық кеңестер
- Қорытындылау

Шешімі:

1. Дөңгелек үстел: «Мен – жас маманмын!» атты баяндама тіркелінсін, тәлімгерлер жас мамандарға уақытылы көмек көрсете білсін.
2. Жас мамандарға оқылған баяндама «ҚМЖ-ны жасау» баяндамасы тіркелінсін.
3. Педагог – психологтардың тарапынан жас мамандарға ақыл – кеңестер үнемі берілсін

«Жас маман» мектебінің жетекшісі:



Ахметжанова С.С.

Хатшы:



Шаржау А.Ш